1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын КеАҚ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне (бұдан әрі – Университет) оқуға қабылдау ережесі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 9) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Университетке түсушілерді қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау, ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

3. Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Университет басшысы, проректорлар, Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университеттің басшысы болып табылады. Университет басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Бұл ретте, Университет келесі жағдайларда қабылдауды іске асырмайды:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда

4. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

5. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша – кемінде 65 балл, ал «Құқық» – білім беру салалары бойынша кемінде 75 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша – кемінде 50 балл;

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

6. Мерзімді әскери қызмет өткерген, жалпы орта білімі бар азаматтарды Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау ҰБТ-ның нәтижелерін есепке алмай, күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады.

7. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиялары ҰБТ-ның нәтижелерін есепке алмай өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады.

8. Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар ұлты қазақ адамдар қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

9. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, ақылы оқуға түсетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша адамдарды қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

«Ветеринария» даярлау бағыты бойынша-қабылдау күндізгі оқытудың 3 курсына жүзеге асырылады. Дайындықтың басқа бағыттары бойынша-қабылдау күндізгі оқытудың 2 курсына жүргізіледі.

Алдыңғы деңгейдегі ресми білім берудің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады.

Игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес қысқарады.

Пәндерді қайта қарау және академиялық айырмашылық бойынша бұрын игерілген пәндердің мазмұны сәйкес келген жағдайда, олар пререквизиттер ретінде есептеледі.

Тиісті құжаттармен расталған бейресми оқыту нәтижелері де танылуы мүмкін. Оқыту нәтижелері сәйкес келмеген жағдайда талдау жүргізіле отырып, студент теориялық оқу аяқталғанға дейін (оның ішінде жазғы семестр, қарқынды курстар, онлайн-оқыту және т.б. арқылы) меңгеруге міндетті академиялық айырмашылық айқындалынады.

Университетке жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде оқуға қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Университеттің қабылдау комиссиялары күндізгі немесе онлайн оқытудың 3 курсына қабылдауды бұрын алынған білім беруді талдау негізінде айқындалатын академиялық айырмашылықты ескере отырып, кейіннен игерілуі міндетті.

10. Шетелдік азаматтарды білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша халықаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық және шетелдік ЖЖОКБҰ-ға қабылдауды халықаралық және шетелдік ЖЖОКБҰ дербес жүзеге асырады.

Шетелдік азаматтарды ақылы негізде Университетке оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

11. Университетке оқуға түсу кезінде «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №357 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33174 болып тіркелген) бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

12. Университетке түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі

сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

13. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 8 шілдесі және 28 қазаннан 10 қараша аралығында жүргізіледі.

Магистратураға кешенді тестілеу (КТ) күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамызы және 29 қараша мен 1 желтоқсан аралығында өткізіледі.

Магистратура қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асырады.

14. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

КТ-ны тапсыру кезеңінде оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

- ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic),
- TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);
- неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung;

➤ француз тілі: TFI (Test de Français International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

Магистратураға түсуші тұлғалар:

- 1) Университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) көлемі 3x4 сантиметр алты фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;

6) шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:
ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0;

➤ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститыюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде - 60;
неміс тілін меңгеру бойынша:

➤ Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ) – B2 деңгейі;

➤ TestDaF-Prüfung(тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ) – B2 деңгейі;
француз тілін меңгеру бойынша:

➤ Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

➤ Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

➤ Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

➤ Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). портал арқылы өтініш жасаған кезде:

➤ жоғарыда көрсетілген құжаттармен қоса, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысаны мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Қағидаларға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE

(Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

«Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Қағидаларға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде Университетке қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде университетке қабылданған кезде қабылдау комиссиясы тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖОО аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖОО дейін көрсетеді.

КТ, түсу емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

МВА (ЕМВА) білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, МВА (ЕМВА) бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен университеттер жүзеге асырады.

МВА (ЕМВА) білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін Университет дербес айқындайды.

15. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бұйрық) бекітілген нысан бойынша құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі. Құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы көрсетілетін қызметті алушыны магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

16. Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Докторантураға өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамыз және 25 қазаннан 10 қараша аралығында жүргізіледі. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз және 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізіледі.

Оқуға қабылдау күнтізбелік жылдың 15-28 тамыз және 26 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығында жүргізіледі.

17. Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін қабылдау Университетте жүргізіледі.

18. Докторантураға түсушілер:

- білім туралы құжат -түпнұсқасы;

- жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

- шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

➤ ағылшын тілі: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;

➤ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл;

➤ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417;

➤ TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

➤ Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80;

- неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;
- TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;
- француз тілін меңгеру бойынша:
- Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;
- Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;
- Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;
- Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес.
- Қазтест сертификаты;
- №ҚР ДСМ-175/2020 жылғы бұйрығымен бекітілген 075/у үлгідегі медициналық анықтаманы;
- 3х4 сантиметрдегі 6 фотосурет;
- шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;
- соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады.

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз А Форин Лангудж институшинал тестинг ПРОГРАММ) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеу тапсырады.

Максималды балл-100 балл. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» нысанында бағаланады. «Өтті» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет.

ҰТО ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты және орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

Көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған кезде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

19. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Түсу емтихандарының өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның «жеке кабинеті» арқылы жолданады.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы:

- 1) оқуға түсушімен университеттің емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 2) эссе жазу;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Қорытынды баға эссені, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру және әңгімелесу нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді Университет «Эссе жазу» және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

20. Университет алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және Университеттің ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – Университеттің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес Университет профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университет қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

21. Оқуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), Университетті және ББТ көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, кездейсоқ түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін өзі таңдаған Университетке жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтиханы өткізілген күннен кейін келесі күні ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

Университеттің емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады.

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

Сертификат балдарын эссе жазу балдарына ауыстыру білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін Университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

3. УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

22. Университетке қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы) «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау

мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге Университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Түсушілерді білім алушылар қатарына қабылдау Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиялары өткізеді.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді, екінші жоғары білім алушыларды университеттің білім беру бағдарламалары тобы бойынша құрылған комиссиямен әңгімелесумен қабылданады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар университеттің күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Университеттің жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша Университеттен шығарылуға жатады.

№ 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген Университетке қабылдау туралы өтініш береді және Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер өтініштен басқа төмендегі құжаттарды өткізеді:

- 1) аттестат (диплом) қосымшасымен (түпнұсқа);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3*4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- 4) 075/у нысанындағы медициналық анықтама, флюорография түсірмесімен;
- 5) 063 нысанындағы екпе картасы (көшірме);
- 6) ағымдағы жылдың ҰБТ сертификаты;
- 7) грант туралы куәлік (грант иегерлеріне);
- 8) жеңілдіктерге құқық беретін құжат – конкурсқа (бар болған жағдайда);
- 9) әскерге тіркеу куәлігінің көшірмесі (ер балалар үшін);
- 10) әскери билеттің көшірмесі (әскери борышын өтегендер үшін);
- 11) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚҚО-дан немесе Е-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған).

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

23. Университет магистранттарды, докторанттарды оқуға қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оқу орындарына және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша құрылған олардың филиалдарына қабылдау қағидаларын Университет дербес әзірлейді және бекітеді.

24. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураға Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін және ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім

беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар Университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

25. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

26. MBA және EMBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау университетте дербес жүргізіледі.

27. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

28. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады: ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін – кемінде 75 балл.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

29. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басымдық білім беру бағдарламасы тобының

бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми эсірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.

30. Университет қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға білім алушыларды қабылдау бойынша қорытынды есебін ұсынады.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ оқуға қабылдау қағидаларын университеттің Ғылыми кеңесі қарады және мақұлдады, №12 хаттама «30» 04.2026 ж.